

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту.

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың сөздік қорын дамыту

К.Д. Ушинский жазған:

«Балаға өзіне беймәлім бес сөзді үйретіңіз - ол ұзақ уақыт және босқа азап шегеді, бірақ жиырма сөзді суреттермен байланыстырыңыз, сонда ол тез үйренеді».

Иә, бала жастайынан сөйлеу және іс-әрекет дағдылары арқылы дамып, жетіледі. Ең алғашқы балалардың саналы түрде дамуына ойын әсер етеді. Баланы қызықтырып, талпындырып, жан-жақты дамыту балабақшадан бастау алады. Қазіргі кезде техниканың өрлеп, цифрландырудың етек жаюына байланысты 3 жастан бастап балаға санауды, ән айтуды, үш тілде күнделікті сөздердің аудармасын үйретуді көпшілік ата-ана қолға алған, нәтиже оңтайлы. Бұндай жеңіл кадаммен үйрету жолдары ойын арқылы, қызықтыру арқылы жүзеге асатыны белгілі. «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның танымдық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес», - деп В. А. Сухомлинский айтқандай, ойын бала үшін өмірге деген үлкен кадам сияқты. Жалпы ойын арқылы баланың зейіні ашылады, өзін-өзі басқаруы, жауапкершілігі, тәрбиелігі, ұйымшылдығы, ынтасы артады. Бала қоршаған ортаны шетінен тани бастайды, бірден барлық нәрсені ұғына алмайды. Күнделікті үйде, ата-ана жанында, көшеде, балабақшада көріп, ұстап біртіндеп тәжірибесі мен жаңа нәрсені үйренуі жиілейді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзін қоршаған ортамен танысуға өте бейім. Қоршаған ортамен танысу баланың әр түрлі сұрақтарды қоюына себеп болады. Әрбір нәрсе бала үшін қызық бола бастаған сайын, баланың көп білгісі келеді. Ойын-баланың бірінші әрекеті, сол үшін ойынның балаға қызығы мол. Қазақ халқының біртуар, дана азаматы Абай атамыз айтқандай: «Ойын ойнап, ән салмай, әсер бала бола ма?». Мектеп жасына дейінгі баланың сана-зейіні тұрақсыз болып келеді. Күнделікті бір жұмыс, бір ойын оларды тез жалықтырады. Сол үшін баланың зейінін үздіксіз дамытып отыру қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу барысында берілген білімді ойынмен жүргізу баланың тез білім алып, санасын қалыптастыруына ықпал жасайды. Ойын арқылы баланың жеке қабілеттері қалыптасады. Баланың ойын барысында қуанып, реңжігені, психологиялық ерекшелігі көрінеді. Ойын кезінде баланың ерекшелігі мынандай: бала ойланады, эмоциялық әсері пайда болады, белсенділік қалыптасады, қиял елестері мен ерік қасиеттері дамиды, осы жолдабаланың шығармашылық қасиеті де арта түседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың көрген-білген, үйренген нәрселерін ойын кезінде аңғаруға болады. Ойын айналадағы кейіпті бейнелейді. Ойын арқылы балалар көпшілікпен араласуды, сезімін жеткізуді үйреніп, дүниенің кезекті қызықтарын таниды. Ойын арқылы оқыту ерте кезден қалыптаса бастады. Көптеген ойшылдар мен ұстаздар қауымын қызықтырды. Атап айтар болсам: Грузин педагогы Ш. А. Амонашвили ойын арқылы балаларға қиын әлемдік танымды үйрете білген, ойын барысында ол өзін балалар деңгейінде қойып, олармен бірге ойнау арқылы, балалар көңіліне, санасына қызықты әрекеттер мен білімді ұялата білді. К. Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып: «бала табиғатты, көрнекілікті аса қажетсінеді. Балаға өзіне белгісіз бес сөзді жалаң үйрете бастасаңыз, көп уақытты зая кетіріп, босқа киналасыз. Ал, енді жиырма сөзді суреттермен байланыстыра үйретсеңіз, бала оны тез арада үйреніп алады, сіз балаға қарапайым ғана ойыңызды қанша түсіндірсеңіз де, тез ұқпасы анық, дәл сол ойды қиын суреттер арқылы жеткізсеңіз, ол сізді тез түсінеді», - деген екен. Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелейтін, дамытып-шыңдайтын ол-ойын.

Балабақша-мектеп жасына дейінгі балаларды-тілін дамыту, сөздік қорын молайту сынды іс әрекеттерге баулыса, ал мектеп бала үшін одан кейінгі саты. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі, баланың сөйлеуін дамытудың ең негізгі жолдарының бірі. Балалармен сөздік жұмысын жүргізу арқылы, оларды біз қоршаған

ортамен таныстырып, заттардың атын атауға, түр-түсін ажыратуға, пішінін, құрылысын тануға үйретеміз. Баламен тілдік қарым-қатынас құру арқылы баланың тез әрі қатесіз сөйлеуіне жағдай жасаймыз. Бұл ретте тағыда бізге көмек ол-ойын. Ол ойын түрлеріне: Саусак ойыны «Қуырмаш» ойыны «Бес саусақты қуыршақ» ойыны жатады. Аталған саусак арқылы үйретілетін ойын түрлері баланың сөйлеу тілін дамытуға ықпалын жасайды. Саусак ойыны-ертеден бері келе жатқан, бала үшін үлкен мәні бар, мәдени шығармашылық ойын. Баланың тек қана сөйлеу тілін ғана емес, саусақтарын қимылдату арқылы қол бүлшықеттерін сергітіп, денсаулыққа оңтайлы пайдасын беретін ойын. Жалпы ойын түрлері өте көп. Дегенмен, дидактикалық ойындардың баланың дамуы үшін ролі ерекше. Дидактикалық ойын- баланың ақыл-ойын дамытып, таным түсініктерін ажыратуға үлкен себеп. Балабақшадағы бала дамуының психикалық ойын әректі туралы жазып, мұра қалдырған қазақтың белгілі майталмандары: Әр ойынның танымдық және тәрбиелік мазмұны болады. Ойын-ол баланың шын тіршілігі. Өз мақаламды қорытындылайтын болсам, мектеп жасына дейінгі әрбір баланы ойын арқылы зейінін ашып алуымыз қажет. Бала ойынды өзі таңдап, керегін өзі үйренеді. Дегенмен, ата-ана мен педагог тарапынан балаға дұрыс, тез дамып, жетілуге ықпал жасайтын ойын түрлерін үйрету талап. Сапалы, зиянсыз ойыншық түрлері мен көрнекілікке де аса мән беру қажет деп ойлаймын. Баланың ерекше қасиеттерінің бірі, сөйлеуден еш жалықпайтындығы. Ойын баланың тілінің дамуына ықпалын тигізетіні сондықтан. Табиғаттың өзі ойынмен байланысты демеуші ме еді, ендеше әр бала ойынмен өседі. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Баланы, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларды ойынмен ғана алға сүйреп, жан-жақты дамыта аламыз деп,-мен өз ойымды аяқтаймын.

